г. Шымкент,
мкр. Жайлау ул. Кажымуканова 2В
БИН 980240000198,
р/с KZ38965F010001445857 АО «ForteBank»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі - Товарищество с ограниченной ответственностью АСЫЛ

БҰЙРЫҚ № 38 к/б **ПРИКАЗ**_____

«09» 09 2026 жыл
Шымкент қаласы

Мектепті өзін-өзін бағалау (аттестациялау) кезеңінде өткізуге жауапты мамандарды тағайындау туралы

Мектепті өзін-өзін бағалау (аттестациялау) кезеңінде өткізуге жауапты мамандарды тағайындау туралы **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепті өзін-өзін бағалау (аттестациялау) кезеңінде өткізуге байланысты мектеп үйлестірушісі (координатор) ретінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Т. Садық; тест өткізуші ретінде информатика пәнінің мұғалімі Б.Б. Сейсенбайға тағайындалсын.

2. Зерттеу компьютерлік форматта өткізілетіндіктен, компьютерлерді көрсетілген техникалық талаптарға сәйкес дайындау информатика пәнінің мұғалімі Б.Б. Сейсенбайға жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Мектеп директорының м.у.а. **Г.С. Мырзабекова**

Бұйрықпен таныстым: 09.09.2026 *(күні)* *(қолы)* С. Т. Садық *(қолтаңбаның толық мәні)*

Бұйрықпен таныстым: 09.09.2026 *(күні)* *(қолы)* Б. Б. Сейсенбай *(қолтаңбаның толық мәні)*

Орындаған: С.Т. Садық
Тел: +7 702 094 7618

г. Шымкент,
мкр. Жайлау ул. Кажымуканова 2В
БИН 980240000198,
р.с KZ389651010001445857 АО «ForteBank»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі - Товарищество с ограниченной ответственностью АСЫЛ

БҰЙРЫҚ №37к/б **ПРИКАЗ**_____

«09» 09 **2026 жыл**
Шымкент қаласы

«4-9 сынып оқушыларын тестілеуден өткізу» туралы

Мектептің алдағы аттестаттауға дайындық жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру, 4-9 сынып оқушыларының білім деңгейін анықтау және білім сапасын арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026 жылғы 15 қыркүйек күні 4-9 сынып оқушылары арасында тестілеу ұйымдастырылып, өткізілсін.

2. Тестілеуді ұйымдастыру және өткізуге жауапты тұлға болып мектептің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Т. Садық және информатика пәні мұғалімі Б.Б. Сәрсенбай тағайындалсын.

3. Тестілеу барысында кезекшілер тағайындалсын:

– Ж.Б. Жақсылық – дене шынықтыру пәні мұғалімі;

– С.С. Бауыржан – дене шынықтыру пәні мұғалімі;

4. 4-9 сынып жетекшілері:

– оқушылардың тестілеуге толық қатысуын қамтамасыз етсін;

– тестілеу уақыты мен тәртібі туралы оқушыларға алдын ала түсіндіру жұмыстарын жүргізсін;

– оқушылардың тәртібі мен қатысуын бақылауға алсын.

5. Пән мұғалімдері 4-9 сынып оқушыларының тестілеуге сапалы дайындалуын қамтамасыз етсін және біліміндегі олқылықтарды анықтау бойынша тиісті жұмыстар жүргізсін.

6. Тестілеу барысында академиялық адалдық қағидаттарының сақталуы, оқушылардың тәртібі мен қауіпсіздігі қамтамасыз етілсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау С.Т. Садыққа жүктелсін.

Мектеп директорының м.у.а. **Г.С. Мырзабекова**

г. Шымкент,
мкр. Жайлау ул. Кажымуканова 2В
БИН 980240000198,
р/с KZ38965F010001445857 АО «ForteBank»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі - Товарищество с ограниченной ответственностью АСЫЛ

БҰЙРЫҚ №36 к/қ

«09» 09 2026 жыл
Шымкент қаласы

Мектепті өзін-өзін бағалау аттестациялау кезеңінде кезекшілік құру туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім беру ұйымдарындағы мемлекеттік (аттестациялау) ережелеріне сәйкес, мектепті өзін-өзі бағалау аттестациялау рәсімін жоғары деңгейде өткізу, білім алушылар мен педагогтердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ішкі тәртіпті сақтау мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектепті өзін-өзі бағалау (аттестациялау) комиссиясының жұмыс істеу кезеңінде
2. 2026 жылдың 15 қыркүйек мектеп бойынша күшейтілген кезекшілік графигі бекітілсін (Кезекшілік графигі №1 қосымшада көрсетілген).
3. Кезекшілікке жауапты тұлға ретінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Т. Садық тағайындалсын.
4. Кезекші әкімшілер мен мұғалімдерге келесі міндеттер жүктелсін:
   - Мектеп ғимаратындағы және оның аумағындағы ішкі тәртіпті, тазалықты бақылау;
   - Үзіліс кезінде оқушылардың қауіпсіздігін және дәліздердегі тәртіпті қатаң қадағалау;
   - Кезекшілік барысында қандай да бір төтенше жағдай орын алған жағдайда тез арада мектеп басшылығына хабарлау.
5. Шаруашылық меңгерушісі А.Б. Әкенова мектептің техникалық қызметкерлерінің (күзетшілер, еден жуушылар) бекітілген кесте бойынша жұмыс істеуін және санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын қамтамасыз етсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Т. Садыққа жүктелсін.

Мектеп директорының м.у.а. **Г.С. Мырзабекова**

Бұйрыққа №1 қосымша

Қосымша 1

Өзін-өзі бағалау (аттестациялау) кезеңіндегі кезекшілік кестесі

1. №16 кабинетке-дене шынықтыру пән мұғалімі Ж.Б. Жақсылық

2. №17-кабинетке-дене шынықтыру пән мұғалімі С.С. Бауыржан

3. Тест өткізуші ретінде компьютерлерді дайындау информатика пәнінің мұғалімі Б.Б. Сейсенбай

4. 1-қабаттқа директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Т. Садық

5. 2-қабатта психолог А.К. Жақсылық

г. Шымкент,
мкр. Жайлау ул. Кажымуканова 2В
БИН 980240000198,
р/с KZ389651010001445857 АО «ForteBank»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі - Товарищество с ограниченной ответственностью
АСЫЛ

БҰЙРЫҚ 104/8

«31» 08 2026 жыл
Шымкент қаласы

«Мектептің өзін-өзі аттестациялау жөніндегі сараптамалық комиссиясын құру туралы»

Облыстық білім саласындағы бақылау департаментінің жоспарлаған кестесіне сай мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін 31.08.2026 күнгі кезектен тыс педагогикалық кеңестің қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектептің өзін-өзі аттестациялау жөніндегі сараптамалық комиссиясы төмендегі құрамда бекітілсін.

1	Г.С. Мырзабекова	Мектеп директорының комиссия төрайымы
	Г.С. Мырзабекова	Директордың оқу ісі жөнідегі орынбасары; комиссия мүшесі
2	С.Т. Садық	Директордың тәрбие ісі жөнідегі орынбасары; комиссия мүшесі
3	А.Қ. Жақсылық	Комиссия мүшесі
4	А.Б. Әкенова	Комиссия мүшесі
5	Б.Б. Сәрсенбай	Комиссия мүшесі

2. Мектеп қызметіне сараптама жүргізу мерзімі 2026 жылдың 02 қыркүйегінен 2026 жылдың 10 қазанына дейінгі кезеңге белгіленсін.
3. Өзін-өзі аттестаттау сараптама нәтижелері педагогикалық кеңеске ұсынылсын.
4. Мектептің өзін-өзі аттестаттау материалдарының жинағы шығарылсын және облыстық білім саласындағы сапаны бақылау департаментіне ұсынылсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директорының м.у.а. **Г.С. Мырзабекова**

Асыл ЖШС «Раушан Үкібас» негізігі мектебі
педагогикалық кеңесінің № 1 хаттамасынан үзінді

Өткізілген уақыты: **31.08.2025ж.**

Төрайымы: Г.С. Мырзабекова
Хатшы: М.Б. Курбанова
Қатысқандар саны: әкімшілік мүшелері мен педагогтар (21)
Күн тәртібі:
І. Мектептің мемлекеттік аттестаттауға дейінгі өзін-өзі бағалау жұмысын ұйымдастыру және
өткізу туралы.
(Мектеп директорының м.у.а Г.С. Мырзабекова)
Тыңдалды:
1. Мектептің мемлекеттік аттестаттауға дейінгі өзін-өзі бағалау жұмысын ұйымдастыру және өткізу туралы мектеп директорының м.у.а
Г.С. Мырзабекова
Сөйледі:
1-мәселе бойынша сөз кезегін мектеп директорының м..у.а Г.С.Мырзабекова алды.
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Шымкент қаласы білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2026 жылғы қазан айында бекітілген Шымкент қаласындағы мемлекеттік аттестаттаудан өтетін білім беру ұйымдарының тізбесіне сәйкес, Асыл ЖШС «Раушан Үкібас» негізігі мектебі 2026 жылғы қазан айында мемлекеттік аттестаттау рәсімінен өтеді. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне сәйкес, мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу қажет.
Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 12 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылады.
Білім беру қызметін өзін-өзі бағалау кезіндегі негізгі бағыттар мен зерттеу объектілері:
1. білім беру ұйымының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
2. оқыту мен білім беру;
3. білікті кадрлардың болуы;
4. білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету жағдайлары;

5. білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
6. тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауы:

1. оқу нәтижелеріне бағдарланған білім мазмұнына;
2. білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;
3. білім алушылардың даярлық деңгейіне;
4.оқу мерзіміне қойылатын жалпыға міндетті мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкестігі тұрғысынан көрсетілетін білім беру қызметін талдау арқылы жүзеге асырылады.

Өзін-өзі бағалау ұйым бойынша жалпы есеп түрінде рәсімделеді. Есеп құрылымы мен мазмұны әдістемелік ұсынымдардың 6-қосымшасында белгіленген сандық және сапалық көрсеткіштер негізінде анықталады. Өзін-өзі бағалау кезінде бағалау критерийлеріне өлшемдер қолданылады және есепке бағалау парағы қоса тіркеліп, «үздік» – 5, «жақсы» – 4,«жақсартуды қажет етеді» – 3, «төмен» – 2 деген деңгейлер мен баллдар беріледі.

Критерийлер бойынша бағалау өлшемдеріне түпкілікті баға бағалау парағы түрінде рәсімделіп, бағалау критерийлерінің 4-қосымшасына сәйкес рәсімделеді.

Өзін-өзі бағалау бойынша есеп педагогикалық кеңес отырысында қаралады және білім беру процесінің барлық қатысушыларына жеткізіледі. Білім беру ұйымының басшысы өзін-өзі бағалау есебінің нәтижелері бойынша Қамқоршылық кеңестің алдында есеп береді. Білім беру ұйымдары өзін-өзі бағалау есебін білім беру саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне тапсырады және оны мемлекеттік аттестаттаудың жоспарланған мерзімінен бір ай бұрын мектептің интернет-ресурсында орналастырады.

Мектептің өзін-өзі бағалау жұмысына жауаптыларды бөліп көрсете отырып, әдістемелік ұсынымдардың 6-қосымшасына сәйкес дайындық жоспары ұсынылды.

2023–2024, 2024–2025 және 2025–2026 оқу жылдарының қыркүйек айындағы мектеп жұмысына өзін-өзі бағалау жүргізу үшін комиссия құру қажет.

Комиссияны келесі құрамда бекіту ұсынылды:

• Г.С. Мырзабекова – мектеп директорының м.у.а комиссия төрайымы
• С.Т. Садық – оқу тәрбие жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
• А.Қ.Жақсылық–психолог комиссия мүшесі
• А.Б. Әкенова – әкімшілік-шаруашылық жөніндегі орынбасар, комиссия мүшесі
• Б.Б. Сәрсенбай -Информатика пән мұғалімі, комиссия мүшесі

Шешім:

1. Өзін-өзі бағалау жүргізу жөніндегі комиссия келесі құрамда бекітілсін:
• Г.С. Мырзабекова мектеп директорының м.у.а комиссия төрайымы
• Г.С. Мырзабекова директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары мүшесі

• С.Т. Садық. – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
• А.Қ. Жақсылық–психолог, комиссия мүшесі
•А.Б.Әкенова – әкімшілік-шаруашылық жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
• Б.Б. Сәрсенбай – информатика пән мұғалімі, комиссия мүшесі

2. Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалауды 2026 жылғы 10 қазанға жүргізу.

3. Мектептің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі бағдарламаны бекіту.

4. Информатика пән мұғалімі Б.Б. Сәрсенбайға жинақталған құжаттарды мектептің сайтына 2026 жылдың 10 қазанына дейін жариялау жүктелсін.

Педагогикалық кеңестің шешімдерін қабылдауға бір ауыздан дауыс берілді.